

Күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында қабылдау комиссиясы қабылдау емтиханына қатысу үшін резидентураға түсуші құжаттарды қабылдайды:

- 1) резидентураға түсуге арналған конкурса қатысу туралы Басқарма Төрағасы – ректордың атына өтініш;
- 2) "дәрігер"біліктілігі берілген жоғары білім туралы құжат (қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде), көшірмесі (ақпараттық жүйе арқылы берген кезде). Шетелде медициналық білім алған адамдар өздерінің білімін тану және (немесе) "дәрігер"біліктілігін беру туралы құжатты ұсынады. Қабылдау кезінде жоғары білім туралы құжаттың түпнұсқасы және (немесе) білімін тану, "дәрігер" біліктілігін беру туралы құжат қабылдау комиссиясына тапсырылады;
- 3) барлық оқу кезеңінде GPA көрсетілген транскрипт (1-7 курстар);
- 4) интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 5) денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты немесе сертификаты туралы мәліметтер (шет мемлекет берген құжаттардың көшірмесі);
- 6) ҰЭО өткізетін тәуелсіз емтиханды тестілеу нәтижелері (2013-2018 жылдары интернатураны бітірген адамдар үшін)немесе ҰЭО өткізетін тәуелсіз емтиханның бірінші және екінші кезеңдерінің нәтижелері (2019 жылдан бастап интернатураны бітірген адамдар үшін);
- 7) жеке куәліктің көшірмесі;
- 8) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама / флюорография;
- 9) неке қию туралы куәлік (бар болса) (Platonus ААЖ тіркеу үшін цифрлық құжаттар сервисінен көшірме, электрондық құжат);
- 10)еңбек кітапшасының көшірмесі (Platonus ААЖ тіркеу үшін цифрлық құжаттар сервисінен еңбек өтілі бар адамдар үшін, түпнұсқасы, көшірмесі, электрондық құжаты);
- 11) ғылыми жарияланымдар, оның ішінде рейтингтік ғылыми басылымдарда (бар болса);
- 12) ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар (бар болса);

- 13) ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер (бар болса);
- 14) ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар және (немесе) дипломдар (бар болса);
- 15) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет (кесілген және конвертке бүктелген);
- 16) картон папка-байланыстырғыш, 3 файл;
- 17) А4 форматындағы конверт;
- 18) қолхат.

Қабылдау комиссиясына құжаттарды пункттерде санамаланған құжаттардың көшірмелерімен бірге берген кезде 4),7),9),10) салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін түсушінің қатысуымен жүргізілетін салыстырып тексеру үшін түпнұсқада ұсынылады, құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Құжаттарды қабылдау комиссиясының техникалық хатшысына ұсынғанға дейін үміткерлер Platonus ААЖ тіркеу рәсімінен өтуі тиіс.

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТОЛЫҚ ЕМЕС ТІЗБЕСІН ҰСЫНҒАН КЕЗДЕ ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРДЕН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАМАЙДЫ.

Өтініш резидентураның бір білім беру бағдарламасы бойынша қабылданады.

Резидентураға түсетін тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханын тапсырады. Бұл ретте оқуға түсуші түсу емтиханын тек оқуға түсетін жжжбқ-ға тапсырады.

Резидентураға түсу емтихандары 8-16 тамыз аралығында өткізіледі (кестеге сәйкес).

Резидентураға түсуші тұлғалар түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспей, түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляцияға өтініш береді.